

**Қазақстан халқы ассамблеясына - 20 жыл**

Бірлік - қазақ халқының дүние танымындағы маңызды ұғым. Бірлік адамдар арасындағы ынтымақтың, жарасымды татулықтың көрінісі, ел болудың түп негізі. Елдің ұлт болып ұйысып отыруының басты кепілі іспетті. Осы бірлігімізді нығайту барысында аянбай еңбек етіп жатқан ел ағаларының басын қосқан Қазақстан халқы ассамблеясына биыл табаны күректей 20 жыл толып отыр. Тәуелсіз еліміздің тұғырын нығайтқан, 130-дан аса ұлт өкілдерінің басын қосып, елдігімізді асқақтатуда Қазақстан халқы ассамблеясының еңбегі ерен.

"Ынтымақ түбі - игілік", демекші Қазақстан халқы ассамблеясы өзге ұлт өкілдерін бөліп жармай, олардың өз тілін, салт-дәстүрін, дінін сақтауға ат салысып, қазақ халқының қонақжай, кең пейілді ұлт екенін ұлықтай түскендей.

«Бірлік еткен - озар, бірлеспеген - тозар», деп дана халқымыз бекер айтпаса керек. Тәуелсіздігіміздің тұғыры, бірлігіміздің ұйытқысы елдігіміздің ертеңі жарқын да, өрісті болсын!

Жайнагул Қуанәліқызы  
ВжсМШТ факультетінің 2 курс студенті

**Коллектив кафедры казахского и русского языков выражает глубокое соболезнование преподавателю кафедры Ертаевой Марал Кабдрашевне в связи с кончиной отца Ертаева Кабдраша Касеновича - ветерана Великой Отечественной войны.**

**Шағын футбол лигасы**

2015 жылдың 14 - 15 ақпан күндері университет студенттерінің шағын футбол лигалар ойыны бастау алды. 14 ақпанда университеттің «Жатақханааралық шағын футбол лигасының» алғашқы ойындары өткізілді. Онда университет жатақханаларында тұратын студенттерден құралған 12 команда өнер көрсетуде. Ал 15 ақпанда жалауын көтерген «Университет студенттерінің лигасында» барлығы 32 команда сайысқа түсуде.

Аталмыш лигалар университет басшылығының қолдауымен жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, футболға қызығушылықты арттыру, студенттерді спортсүйгіштікке баулып, бос уақытын тиімді пайдалануды насихаттау мақсатында құрылып отыр. Ашылу салтанатында сөз алған университетіміздің тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Жайнагул Құсайынова барлық қатысушыларды құттықтап, жеңіске жету үшін сәттілік тіледі. Ойындар университет спорт кешенінде әр сенбі және жексенбі күндері өткізіледі. Екі лиганың да ойын өрнегі жөнінде толық мәліметті [https://vk.com/opl\\_kazatu](https://vk.com/opl_kazatu) парақшасынан көруге болады.



С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ студент жастарының  
«Менің университетім» газеті.  
Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркелген.  
Баспасөз орталығының Директоры А.Жұмабаева  
Шығарушы редакторы Ж.Естекбаева  
Дизайн және беттеуші А.Армияқызы  
Редакцияның мекен-жайы; Астана, Жеңіс даңғылы, 62  
Телефоны 8/7172/ 39 57 07  
Газет ай сайын шығады, таралымы 1 000 дана.

С.СЕЙФУЛЛИН атындағы  
ҚАЗАТУ СТУДЕНТ  
ЖАСТАРЫНЫҢ ГАЗЕТИ

Менің

УНИВЕРСИТЕТІМ

e-mail: agun.katu@gmail.com • www.kazatu.kz

**Патриотическая театрализованная акция**  
**«Елін сүйген, елі сүйген - Елбасы»**

27 февраля 2015 года в Казахском агротехническом университете им.С.Сейфуллина состоялись патриотическая театрализованная акция «Елін сүйген, елі сүйген - Елбасы» и флешмоб. В мероприятии приняли участие заместитель Председателя Ассамблеи народа Казахстана Башмаков А.А., Председатель Правления АО «КАТУ им.С.Сейфуллина» Куришбаев А.К., Депутат мажилиса Парламента РК Бақытбек Смағұлұлы и др.

В ходе мероприятия было озвучено обращение студентов КазАТУ им.С.Сейфуллина к молодежи Казахстана, в котором призвали всех казахстанцев принять активное участие во внеочередных президентских выборах, которые пройдут 26 апреля 2015 года.

Ректор университета Куришбаев А.К. в приветственной речи сказал, что студенты КазАТУ выразили свою активную гражданскую позицию по отношению к главному политическому событию в стране - внеочередным выборам Президента РК, все позитивные изменения в обществе связаны с именем нашего Президента. Благодаря взвешенной и последовательной политике Главы государства в стране созданы все условия для развития молодежи, получения ими современного образования и раскрытия интеллектуального потенциала каждого гражданина республики.

Башмаков А.А., заместитель председателя Ассамблеи народа Казахстана, отметил, что внеочередные выборы Президента РК еще более сплотит наш народ на новом этапе мирового развития, позволив сосредоточить усилия на важнейших вопросах развития независимого Казахстана.

Депутат мажилиса Парламента РК Бақытбек Смағұлұлы призвал молодежь быть патриотами своей страны, любить свою отчизну. Прочитанные стихи Бақытбека Смағұлұлы о патриотизме, чувстве долга звучали наказом для студенческой молодежи.

Яркое шоу, театрализованная патриотическая акция и хореографическая постановка, подготовленные студентами университета, продемонстрировали развитие Казахстана, поддержку политики Главы государства, высокий патриотического настрой молодежи.



## 1-орын иегері



«Шуағым менің Маңғыстау!  
Құмарым менің Маңғыстау  
Сағынып айтар мәңгілік  
Жыр – әнім менің Маңғыстау!»  
(С. Тұрғынбеков)

Жазы ыстық, даласы құрғақ, ауасы шаң мен тозаң болса да, менің туған жерім – Маңғыстауым мен үшін орны өте бөлек! Неге?! Себебі, бұл киелі мекенде менің ата – бабам өмір сүрді, бұл мекенге ата- бабамның салт – дәстүрі мен ғұрыптары сіңген. Неге?! Себебі бұл қасиетті өлкеде менің ата – әжем, ата- анам туылды. Анамның ақ сүтімен менің бойыма өз өлкеме деген махаббатым тарады!

Маңғыстау – киелі өлке! «Жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен» қасиетті мекен! Маңғыстауда – 362 әулие! Тек бұлар ғана емес Маңғыстау – қойнауы қазыналы байлыққа толы жер. Қалайша, мен осындай Маңғыстауыммен мақтанбаймын?!

«Туған жер» айтсаң, жай ғана сөз секілді. Бірақ оның мағынасы өте зор!..

«Маңғыстау», оның да астарында өте үлкен мән бар!

«Маңғыстау» деген сөз ойыма келсе, сары дала, қара – сұр топырақ, ащы жусан иісі есіме түседі. Ащы жусанның иісін көрдіңіз бе?! Ол сізге ұнайды ма? Ұнамайды ма? Ал маған қатты ұнайды! Мен үшін ащы жусан иісі - балалық шағымның иісі, анамның сүтінің иісі! Ал мен анамның ақ сүтін таптырмаймын! Маңғыстау – ащы жусан! Менің жүрегімде «ащы жусан» деп соғады!

Мүмкін бұл сөздер жұртқа жай ғана сөздер шығар. Бірақ, мен үшін бұл Каспийдің бір тамшысындай. Ал менің туған өлкеме деген махаббатым сол тұңғыш Каспий!

Маңғыстау – Қазақстанның бір бөлшегі! Қазақстан мен үшін өте қымбат! Маңғыстаудың қара мұнайы мен газы еліміздің көркеюіне мол үлес қосуда! Туған елім менің, Маңғыстауым аман болсын!

*«Атамекен» тарихи үйірмесінің мүшесі,  
ВжМШТ -107 оқу тобының студенті Төлән Назерке Айбекқызы*

## 3-орын иегері



"Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас" деген ұлы сөз бар. Туған жер тек кіндік қаның тамған тал бесігің ғана емес, сондай-ақ ол адамзат баласының екінші анасындай. Туған жер – адам өмірінде киелі орын алады. Нақты осы жер оны елімен, өткенімен және болашақпен байланыстырады. Міне, сондықтан тіпті балалық шақтан бастап-ақ, адам баласында өз Отанына деген махаббат сезімі оянады.

Әркімге өз туған жері ыстық болатынына ешкімнің таласы жоқ. Кіндік қаның тамып, туып - өскен мекеніңді, табаның тиіп тұрған топырақты бәрінен артық көруге хақылысың. Туған жердің бір түйір тасы ат басындай алтыннан да қымбат емес пе? Дулығалы ата - бабаларымыз кең даласын, асқар тауын, сарқырап аққан көк өзенін қорғап, оны мақтан еткен, бізге мұраға аманат етіп қалдырған. Қазіргі тарихи кезеңде, тәуелсіз еліміздің кеңістігінде күндей жарқырап әр перзентінің отаншылдық рухы мен туған жерге деген махаббат нұры әрдайым шуағын шашып тұруы керек!

Әр қазақстандық өз елінің картасына көз салып, кең байтақ өлкесін, туған жерін әрқашан мақтан тұтуға тиіс.

Менің туған жерім, астықты өлке, киелі Қостанай облысы, даңқты, есімі дүйім жұртқа мәшһүр Амангелді Үдербайұлының құрметіне аталған-Аманкелді ауданы. Тұла бойы талай сырға тұнып тұрған өлкемді әңгімеге арқау ету, мен үшін ерекше бақыт. Құлан иек, құлқын сәриден бірге оянып бір сәт толастамайтын ауылымның күйбең тіршілігі адамды шабыттандырады. Арайлап атқан ақ таң атырапты қызыл-сары шырайға бөлеп, еріксіз ұйқыңнан оятады. Төңірекке көз тастасаң, аспан күмбезі көк торғын шымылдықтай желбіреп, төбесі сенің бетіңді өбердей көрінеді. Көкірегіңді керіп терең тыныстап алып, Туған даланың кеңдігіне, ұлылығына көзің бүгін жеткендей балаша таңданасың. «Дүние қандай кең, қандай әсем!» деп терең ойға шомыласың. Күн көзі ерекшелі мейірленіп көк майса, бетегелі жердегі гүлдерге шырайын түсіргенде, таң шапағының нұры эзер көз ұшына ілініп, шайдай ашық көк аспаннан түскен күн сәулесінің қалай сәскеге таяғанын білмей де қаласың. Ыстыққа шыдай алмай дебiлi шыққан малдар ағаш саясын мекен етеді. Жайшылықта зымырап өте шығатын уақыттың сәл дамылдағанын сезесің. Таң атысымен ебiл-дебiлi шығып ойнайтын ойын балалары да көрінбейдi. Күн көзі көтеріліп, таң сәриде салқын самал болған жел енді ыстық леп боп тұла бойынды тұмшалайды. Тек ымырт жабылғанда ғана ғайып болады. Күн ұясына кимастықпен батып бара жатқанда, мәре-сәре болған халық өрістен малын күтуге шығады. Сәскеде үйлеріне тығылып қалған балалар ойынға шығып, төңірек абыр-сабыр күйі кешеді. Шексіз дархан далаға көз салсаң, көзің талады. Жүйрік болсаң жетіп көр дейтіндей. Құс қанатын талдырып, тұлпардың тұяғын тоздырған байтақ өлкемді қалай суреттесе де артық болмас. Оның бар болмысы, келбеті мен үшін ерекше ыстық. Бүгінгі қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған бейбіт заманның бақытты ұрпағы, мен туған жерімді өмір бойы қадірлеп өтемін!

*«Атамекен» тарихи үйірмесінің мүшесі,  
ТМӨ-111 оқу тобының студенті Арыстанғалиев Арман*

## 2-орын иегері



Мен тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің азаматшасымын. Кішігірім ғана ауылда дүниеге келгенмін. Балалық шағымның бал дәмі – Оңтүстік Қазақстан облысы, Арыс ауданы, Байыркұм ауылында өтті. Кішкентайымнан ата-анам еркелеп өстім. Бұл өмірдің қиын шақтарын ата-анам маған мүлде сездірмеген. Сол себептен бе, мен тым арманшылмын. Басты арнамым – Астана қаласында оқып, жұмысқа тұрып, сол қаланың тұрғыны болу еді.

Ал қазір мен Астанадамын, бәрі басқаша. Туған жерімнің ауасы, топырағы, оқыған мектебім бәрі-бәрі өмірімнің ең қызық естеліктері болып, ауылымда қалып қойды. Шіркін туған ауылыма деген сағынышымды сөзбен айтып жеткізе алсам ғой!

Ауылым алтын бесігім! – десем, менің бұл өмірдегі жаннатым – Байыркұм ауылы.

Бала кезімде теледидардан Астана қаласын көріп, қатты қызығатынмын. «Мен қашан бой жетем», «қашан студент атанамын» деген сауалдар мені жиі мазалайтын. Ауылға Астанада оқитын студенттер

демалысқа келгенде, әрқайсынан жеке-жеке Астана қаласы жайлы жиі сұрайтынмын.

Неге екенін білмеймін Астанадан келген адамдарды басқалардан ерекше көрінетінмін және құрметтейтінмін.

### Байыркұм менің жаннатым!

Арайлап атқан әр таңым,  
Байыркұм менің жаннатым!  
Бақытқа толы әрбір күн, түн,  
Жүрегімді менің өртедім.  
Мұңлық, Зарлық – мекені,  
Талайлардың өткені

Қасиетті мекен бұл;  
Сыр өзені жанында  
Талай аң құс маңында,  
Кірген тікен табаным баптайтын,  
Сусын ішсе ешкім оған қанбайтын.  
Байыркұмдай жер жаннаты – ауылым.

Аллаға сансыз шүкіршілік етемін, қазір өзім армандаған жерде оқып жатырмын. Қазір мен ауылға барсам, ауылдың көбі «біздің қызымыз Астанадан келді», - деп мақтанышпен айтады. Осы сәтке дейін ауылымды, отбасымызды, сол бір ауылдағы үйімді сағынумен жүрмін. Кей сәтте бәрін тастай сала ауылыма кеткім келеді. Бірақ олай етуге болмайды. Бұл – өмір заңдылығы. Менің болашағымның ең бастысы ата анамның маған артқан сенімдерді ақтау.

Байыркұм ауылының тұрғындарының көздері ашық, көкірегі ояу, көпті көрген көрегенді, зерек, дара жандар! Олардың әрбір айтқан сөздері – мен үшін өмірдің тұтқасы.

*Мирас тағымдық жастар клубының мүшесі,  
ТМӨ-111 оқу тобының студенті Әмірхан Құрманай*

## 3-орын иегері

Туған өлке. Ия, туған өлке дегенде көз алдыға кіндік қаның тамған қасиетті жерің, оның ыстық топырағына аунап - қунап балалық шағың мен сол бір келмеске кеткен бақытты күндерің көз алдыға елестейтіні хақ. Бірақ мен туған өлке ондай емес еді. Шындықты айтатын болсам, мен Қытай Халық республикасының бір қаласында дүниеге келіпін.

Туған өлкем деп мақтана алмаймын, бірақ та мен өскен өлкем деп, менің ата-бабамның кіндік қаны тамған өлке деп мақтана алам. Ол Қазақ өлкесі. Тағдырдың сан түрлі тәлкегінен аман - есен өтіп келе жатқан Қазақ халқы, тарих сахынасынан өз орнын ойып тұрып алған. Алтын тұғырлы елдің бірлігінің беріктігінің арқасында дәл осындай беібітшілік жайлаған күнге жетіп, шексіз бақытты сансыз мүмкіндіктерге толы егемен еліміздің арайлы таңдарын көріп жатырмыз, бұған шүкіршілік дегеннен басқа айтарымыз жоқ, әрине.

Тарих қойнауына терең бойласаңыз түпсіз терең, әрі адам айтса нанғысыз жайттарға тап боларыңыз анық. Шексіз байлық үшін болған талас - тартыс, билікке жету үшін аяусыз төгілген қан, бостандық пен тәуелсіздік үшін аянбаған еңбек. Осының бәрін құшағына сыйдырған, жер анамыздың құшағы мен пейілі не деген кең десеңізіші!

Сондай тар жол тайғақ кешу тарихты басынан өткізген Қазақ халқы өзінің осы шыққан биік асуы мен бағындырған белесін бағалай білуі керек. Қаймағы бұзылмай сақталған мәдениеті, өнері, салікалы саясаты соның айқын дәлелі. Бұл қасиетті өлкеден кімдер шықпаған десеңізіші!

Арғы тарих жыраулардан басталса, бертін келе Абай, Шәкәрімдер, ал бергісі Ахмет, Мағжан, Сәкендер. Олар халық болып қалыптасқаннан кейінгі әдебиетіміздің көрнекті өкілдері. Міне Қазақ халқын әлемге танытқан осы ата - бабаларымыздың болашақ үшін, ұрпақ үшін жасаған ұлы істері.

Біздің басты мақсатымыз осы өлкені көзіміздің қарашығындай қорғау, оның асыл бағасын келер ұрпаққа таныту! Мен туған да өскен де өлкем осы - Қазақ жері.

*«Атамекен» тарихи үйірмесінің мүшесі, ВжМШТ -109 оқу тобының студенті Қуандық Есқат*